

**Абугалиев Қ. Н.,** Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы Қарағанды қ.)

### **«Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105-бабында көзделген қылмыстарды жасау тәсілдерінің бірі**

*Аннотация. Мақалада өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің қылмыстық-құқықтық ерекшеліктері қарастырылады. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде автор Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабының диспозициясын «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы адам психикасына әсер ету жолымен өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу сияқты тәсілмен толықтыруды ұсынады.*

*Кілт сөздер: Қылмыстық кодекс, қылмыстық заңнама, суицид (өзін-өзі өлтіру), өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі.*

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізгені үшін қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабында көзделген. Қазақстан Республикасында өзін-өзі өлтіру санының өсе түскеніне қарамастан, Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабы бойынша сараланатын қылмыстар саны мен осы тектес қоғамға қауіпті әрекеттері үшін сотталғандардың үлесі соншалықты емес.

Адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына (Қазақстан Республикасы ҚК 105-б. 1-б.) жатады да, айтарлықтай қоғамға қауіпті әрекет болып табылады. Қылмысты жасағаны үшін кінәлі адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту сөзсіз жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабына сәйкес адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы болуы мүмкін. Сол себепті қорқыту, оған қатыгездікпен қарау және оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу тәсілі ретінде қаралады. Алайда, өкінішке орай, мұндай қылмыстарды Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабында көрініс таппаған басқа да тәсілдермен жасауға болады. Бүгінгі таңда адам денсаулығына, тіптен өміріне үлкен қауіп төндіретін виртуальдық кеңістік екенін мойындау керек. Осыған орай өзін-өзі өлтірудің белең алуына «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық жүйесі ерекше рөл атқарады.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, «кім өмірмен қош айтқысы келеді» деген сияқты толық ұсынымдар мен кеңестер баяндалған көптеген виртуалдық «өзін-өзі өлтіру клубтары» бар. Осы тектес ұсынымдардың бүркемеленіп берілетіні жиі кездескенімен, олардың суицидтік бағыты мейлінше нақты қадағалауда болады. Осы тұрғыда авторлар қажетсінген адамдарға психологиялық жәрдем беруге әзір екендіктерін алға тарта отырып, өзін-өзі өлтіру арқылы қалай өмірмен қош айтысуға болатын тәсілдерді де (асылу үшін жіптің ұзындығына, тоқтың күшіне дейін және қол жетімді дәріханалардан фенолбарбиталды қалай алу тәсілін) ұсына кетеді. «Өзін-өзі өлтіруге» қатысты сұрау жібергенде әлеуметтік желідегі іздеуші 540 қауымдастықты іздеп тапты. Әділдігіне жүгінсек, олардың көпшілігі өмірмен ерікті түрде қош айтысу жайлы қорқынышты шешімді қабылдаудың қажет еместігін үндеуге арналған. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, өз өмірін қиюды армандаушылардың да нақты үгіт-насихаттары жеткілікті. «Интернет» қолданушылар өзін-өзі өлтіру қалай болады және мұны қандай тәсілмен жасаған қолайлы деген сияқты мәселелерді өзара белсенді талқыға салады. Осы

үлгідегі сайттар өзін-өзі өлтірудің қалыпты жайт екенін адамдар санасына орнықтырып, оны жүзеге асыруларына түрткі болады.

«Интернет» қолданушылар көбінесе өз-өздерін соған құрбандыққа береді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, желіге қазақстандықтардың жартысына жуығы шығады екен және олардың әрбір оныншысы одан шығып кете алмай, байланып қалады. Қазіргі жас ұрпақ «бізге бәріне рұқсат етілген және жазадан сытыламыз» деп үстірт ойлайды. Жала жабу мен агрессияны кімге болмасын жасауға болады. Бұл соңынан түрлі тектес, әсіресе, өз-өзіне қол жұмсауға түрткі болатындай үндеуге әкеледі. Осының нәтижесінде әлеуметтік желілерде қоғамға аса қауіп төндіретін нағыз қылмыскерлер пайда болады. Осыған орай Интернетке деген қарым-қатынастың өзін өзгерткен жөн. Әлеуметтік жауапкершілік алдымен интернет пайдаланушылардың өздерінде болуы керек. Қылмысты тергеу позициясы тұрғысында интернет пайдаланушылардың не жазып жатқандарының бәрін тексеру өте қиын, ал кей жағдайларда тіптен мүмкін емес. Интернет арқылы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу сияқты қоғамға қауіпті әрекет дәлелдеуде қиындық тудырып қана қоймай, кінәлі адамды жауапкершілікке тартуды күрделендіре түседі. Алайда, сот практикасы көрсеткендей, бұл — мүмкін жағдай.

Мәселен, Америкадағы Миннесотадағы ауруханалардың бірінде мейіргер болып қызмет ететін америкалық Уильям Мелкерт-Динкельге екі адамды — 2005 жылы компьютер алдында отырып, асылып қалған Ковентриде тұратын британдық Марк Драйбор мен 2008 жылы Оттава өзеніне батып кеткен Канадалық тұрғын Нади Каджоджиді өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізгені үшін айып тағылды. Мелкерт-Динкель өзін «Ли Дао медбикелері», сондай-ақ Фалькон-Герл және Ками Ди деп таныстыра отырып, өзінің құрбандарымен интернет-чатта танысады. Қылмыскер өзінің медициналық тәжірибесін пайдалана отырып, солармен бірге өлетініне уәде беріп, бұл акцияны Бүкіләлемдік интернет пайдаланушылары көре алатындай, оларды жұмыс істеп тұрған веб-камераның алдында асылуға үгіттейді. Айыптаушы тарапының өкілдері тыңдау кезінде «Ли Даоның» еншісінде өзіне-өзі қол жұмсауға азғырған кемінде бес эпизодты растады. Осындай өзіне-өзі қол жұмсау серияларындағы Мелкерт-Динкельдің рөлін 64 жастағы британдық Селия Брэй ашты. Оның жасөспірім танысы әлдебір медбикемен «онлайн-байланыста» екендігін айтқанда, ол өзінің жеке тергеу әрекетін бастайды. Ол қылмыскерді анықтап, желіде оның тұратын жерін табады. Британдық полиция мен ТФБ (ФБР) бұл тергеу нәтижелеріне аса мән бермейді, алайда Миннесота полициясы бұл іске шындап кірісіп, оны соңына дейін жеткізеді.

Қазақстан Республикасында бұл сияқты қылмыстық іс әлі қозғалмағанмен, біздің көзқарасымызша, «Интернет» арқылы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу фактілерін жоққа шығаруға болмайды.

Демек, қарастырылып отырған мәселелерге қатысты төмендегідей жағдайларға назар аудару қажет. Біріншіден, Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабында көзделген қылмысты анықтау және сезікті адамдардың кінәсін дәлелдей отырып тергеу өте қиын, ал «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желілер тәсілімен жасалған қылмыстарды ашу тіптен күрделі екендігін ескеру керек. Екіншіден, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бұл мәселенің көрініс таппауы — заңнаманың ғылыми-техникалық прогрестен кейіндеп қалуынан, себебі Интернет арқылы тек жеке меншікке қарсы емес, жеке адамға қарсы да қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабында көзделген қылмыс жасалуда.

Баяндалғандардың негізінде Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабының диспозициясын «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы адамның психикасына әсер ету жолдарымен өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу сияқты тәсілдермен толықтыруды іс жүзінде мақсатты деп санаймыз. Сонда Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабының бірінші азат жолы «қорлау арқылы» сөзінен кейін «сондай-ақ «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы адамның психикасына әсер ету жолдарымен» деген сөздермен толықтырылуы керек. Жақын уақыттарда

«Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желі — қылмыс жасаудың тәсілі екендігі мойындалған соң, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне толықтырулар енгізіледі деген сенімдеміз. Бұл айтылған пікіріміздің қосымша дәйегі ретінде алаяқтық үшін жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасы ҚК 190-бабына қатысты фактіні келтіруге болады. Мұнда заңнама Қазақстан Республикасы ҚК 190-бабының 2-бөлігінде «ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен» деген саралаушы белгіні қарастырған. Қорыта айтқанда, ұсынған шешіміміз қылмыстық заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіруге септігін тигізеді деген үмітіміз бар.

### ***Резюме***

В работе рассматриваются уголовно-правовые особенности доведения до самоубийства. В результате проведенного исследования автор предлагает дополнить диспозицию ст. 105 УК РК таким способом доведения до самоубийства или до покушения на самоубийство, как воздействие на психику человека через информационно-коммуникационную сеть «Интернет».

### ***Resume***

The criminal law features of taking are in-process examined to suicide. As a result of undertaken a study an author suggests to complement disposition of art.105 Criminal code by such method taking to suicide or to encroaching upon suicide as by affecting psyche of man through an of informatively-communication network the «Internet».